



## Мәслихаттың мемлекетшіл деңгейі маңызды



Суретті түсірген – А. ДУСЕНБЕК, Е. УКИЯЕВ

Кеше елордамызда «Атапат» партиясының ұйымдастыруымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумы өтті. Іс-шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары мен депутаттары, Премьер-министр, Мемлекеттік кеңесші, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Үкімет мүшелері – жалпы саны 2 500 адам қатысты.

### Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ, «Egemen Qazaqstan»

#### Жастардың үлесі артты

Форумда баяндама жасаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы

екенін атап өтіп, 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілгеніне, соның нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгеніне, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданғанына назар аударды.

– Онда жергілікті өкілді билікке қатысты мәселелер де бар. Атап айтсақ, облыстық мәслихат сайлауы аралас жүйе арқылы өтеді. Ал аудандық депутаттар тек қана мажоритарлық тәсілмен сайланады. Бұл қадам еліміздің демократиялық жолмен дамуына зор серпін берді деп сеніммен айта аламыз. Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түсті. Жаңа ережеге сай өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие болды. Қазір мәслихат мүшелерінің оннан

бірі ғана – партиялық тізіммен келген депутаттар. Қалғаны түгел – бір мандатты округтен сайланған азаматтар. Өзін-өзі ұсынған 434 адам депутат атанды. Ашығын айтсақ, бұрын саяси партиялар түрлі санаттағы азаматпен жұмысқа көп көңіл бөлмейтін. Заңмен талап еткеннен кейін ғана мән бере бастады. Мысалы, партиялық тізімде жастарға арнайы квота бөлінді. Бұл шешім олардың қоғамдық-саяси үдеріске араласуына жол ашып берді. Бұрын мәслихаттағы жас азаматтардың үлесі 2 пайызға да жетпейтін. Қазір заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде бұл көрсеткіш еселеп артты деуге болады. Бүгін де ортамызда көптеген жас депутат отыр. Олар түрлі мінберден жастарға қатысты өзекті мәселелерді бағыт көтеріп жүр. Өкілді билікте әйелдердің қатары көбейе түсті. Елімізде қыз-келіншектердің басамаларына жан-жақты қолдау көрсетіліп жатыр. Әйелдердің құқығын қорғауға баса назар аударылады. Осының бәрі реформаның нақты нәтижесі екені сөзсіз, – делі Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент депутаттардың өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқаруына қажет бірнеше мәселеге тоқталды. Ең бірінші кезекте мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру керек деп санайды.

## Халықаралық іс-шаралар кестесі қарастырылды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеуді қабылдады.

Мемлекет басшысына министрліктің атқарып жатқан қызметі туралы мәлімет берілді. Мұрат Нұртілеу өзі қатысқан Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясы 79-сессиясының жұмысы, сондай-ақ Болашақ саммитінің қорытындысы жөнінде баяндады.


Сыртқы істер министрі БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, шет мемлекеттердің сыртқы саясат ведомстволарының

басшыларымен және халықаралық ұйымдардың жетекшілерімен келіссөз жүргізгенін айтты.

Кездесуде Қазақстан Президентінің қатысуымен алдағы уақытта өтетін халықаралық іс-шаралардың кестесі қарастырылды.

Мемлекет басшысы Сыртқы істер министрлігіне ведомство қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар міндет жүктелді.

## Корей халқын Ұлттық күнімен құттықтады




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ылге жеделхат жолдап, корей халқын Ұлттық күнімен құттықтады.

Президент жеделхатында Кореяны экономикалық және технологиялық дамуда зор жетістіктерге қол жеткізген мемлекет ретінде атап өтіп, екі ел арасындағы қарым-қатынас стратегиялық серіктестік рухында нығайтып келе жатқанына тоқталды. Сонымен қатар дәстүрлі достық пен берік

байланысқа негізделген қазақ-корей ықпалдастығы халықтардың ипiлiгi үшін одан әрі жандана бергеніне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Корея Республикасы Президентінің жауапты қызметіне толағай табыс, достас корей халқына құт-береке тіледі.

## Германияға тілектестігін білдірді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның Федералдық Президенті Франк-Вальтер Штайнмайерге құттықтау жеделхатын жолдап, барша Германия халқын Бірлік күнімен құттықтады.

Президент Германия Федеративтік Республикасының өркендей беруіне тілектестік білдірді. Сондай-ақ Қазақстан мен Германияның дәстүрлі достық пен өзара тиімді серіктестік рухындағы ынтымақтастығы

одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Франк-Вальтер Штайнмайердің аса жауапты қызметіне толағай табыс, ал достас Германия халқына бақ-береке тіледі.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

3-баптың 8) тармағы «мотоциклдер,» деген сөзден кейін «мопедтер,» деген сөзбен толықтырылсын.

2. «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

4>

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 31-бапта:

бірінші бөліктегі «арнайы», «жол жүрісі саласындағы» деген сөздер тиісінше «арнаулы», «көліктегі және жол шаруашылығындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

ескертеде:

2>

4>

### ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

## «Open banking» нарықты қалай өзгертеді?

Еліміз қаржы секторын жаңа деңгейге шығаруға қатысты нақты әрекеттер жасап жатыр. Соның бірегейі – «Open banking» жүйесі. Бұл банктік қызмет пен инновациялық шешімдерді бір арнаға тоғыстырады. Басты ерекшелігі – бір банктің мобильді қосымшасына кіріп, басқа банктердегі шоттарды басқаруға, операцияларды жүзеге асыруға болады. Жаңа бастама қаржы нарығын қалай өзгертеді?

### Елігімай ТӨҢКЕР, «Egemen Qazaqstan»

банкинг қаржы нарығына да, клиенттерге де пайдалы», делі ҰБ өкілі.

#### Ұлттық банктегі үдерістер

Ашық банкингтің тұрақты экожүйесін реттеуші органдар – Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі. Ұлттық банк өкілінің берген ақпаратына сүйенсек, «Open Banking» қанатқақты бағдарламасы аясында қатысушылар өздерінің келісімі негізінде клиенттік банк шоттары туралы ақпарат алмасады.

«Нақтырақ айтсақ, ағымдағы шоттардың тізімін, ағымдағы шоттағы қалдық туралы ақпаратын, ағымдағы шоттың операциялар тізімін алады. Екінші деңгейлі банктер ағымдағы шоттарға қатысты ақпарат алмасу жобасының сынақ кезеңіне қатысады. Ашық

#### Әлемдегі әл-ауқат

«Grand View Research» агенттігінің зерттеуінше, былтыр бұл жүйе әлем нарығында 25 млрд доллар алып келді. 2030 жылға қарай көрсеткіш 27,4%-ға өспек. Жүйе тек қаржы саласын емес, басқа да секторларды дамытуға тікелей әрі жанама әсер етеді. Шетелде жүйені сәтті қолданып, одан пайда көріп отырған ірі үш банк бар. Ұлыбританиядағы жетекші банктердің бірі – «Barclays», Испанияның «BBVA» банкі, АҚШ-тағы «Citibank». Аталған банктер жүйені енгізіп, тұтынушылар мен серіктестерге қаржы өнімдері мен қызметтерге қол жеткізуді оңтайландырған.

7>


### ӨНДІРІС ӨРІСІ

## Жетісуда құбыр шығаратын кәсіпорын ашылды

Талдықорғандық кәсіпкер Нұрдәулет Аққоз айына 140 тонна құбыр шығаратын «Полимер Pipe» кәсіпорнын іске қосқан. Су, газ, кәріз, ылғалды жерді құрғату жүйелерінде, телекоммуникацияда қолданылатын отандық өнімге сұраныс өте жоғары. Оған жалпы көлемі 106 млн теңге инвестиция тартылыпты.

### Мұхтар КҮМІСБЕК, «Egemen Qazaqstan»

Жаңа отандық өнімнің сапасы халықаралық стандарттарға толықтай сай. Полиэтилен құбырлары табиғаттың кез келген қытымыр жағдайына төтеп бере алады. Әрі жоғары-төменді температурадағы ыстық пен суыққа бірдей төзімді. Бүгінде полиэтилен құбырларын пайдаланбайтын сала кемде-кем. Жоғарыда айтқан су, газ, кәріз желілері мен телекоммуникация саласынан бөлек,



Суретті түсірген – Е. ДИМИТРИЙ, Е. ЮФОРЕВ

оның құрылыс, мұнай-газ өндірісіне де типізетін пайдасы көл-көсір.

«Су, газ желілеріне қажетті диаметр 15 мм-ден 160 мм-ге дейінгі, ұзындығы тапсырыс берушінің өлшемі негізінде дайындалатын құбырлар

шығарамыз. Тауарларымыздың сапасы халықаралық талапқа сай», дейді «Полимер Pipe» ЖШС құрылтайшысы Нұрдәулет Аққоз.

7>

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 &lt;

6), 25), 29-1) және 29-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) велосипед – екі немесе одан көп дөңгелегі бар және үстінде отырған адамдардың дене күшімен, оның ішінде қозғалтқыш пайдаланыла отырып, қозғалысқа келтірілетін көлік құралы»;

«25) жүргізуші – көлік құралын басқаратын адам, жол бойымен малды, табынды, жүк артылған, жетілген малды немесе мініс малын айдаушы. Білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шебері жүргізушіге теңестіріледі»;

«29-1) көлік құралының орташа жүру жылдамдығы – көлік құралы жүріп өткен халықаралық республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдар үзакесінің ұзындығын осы қашықтықты жүріп өткен уақыт аралығына бөлу арқылы айқыдалатын жылдамдық»;

29-2) көлік құралының паспорты (көлік құралы шассінің паспорты) – жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарымен жол жүруге арналған, жұмыс көлемі елу текше сантиметрден жоғары іштен жану қозғалтқышы немесе ең жоғары (жиынтық) қуаты төрт киловаттан асатын электр қозғалтқышы (электр қозғалтқыштары) бар және (немесе) ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден асатын автомотокөлік құралдарына және олардың тіркелуіне берілетін паспорт (шасси тұтынушыларға жеткізіп берілетін жағдайда көлік құралының шассіне берілетін паспорт);

мынадай мазмұндағы 29-3) тармақшамен толықтырылсын:

«29-3) көлік құралының электрондық паспорты (көлік құралы шассінің паспорты) – көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассілерінің паспорттары) жүйесінде ресімделген көлік құралының паспорты (көлік құралы шассінің паспорты)»;

38) тармақшадағы «мопедтерді» деген сөз алып тасталсын;

41) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«41) мопед – қозғалтқышының көлемі елу текше сантиметрден аспайтын іштен жану қозғалтқышымен немесе электр қозғалтқышпен жабдықталған және ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден аспайтын екі немесе үш дөңгелекті механикалық көлік құралы. Мопедтерге мокиктер, скутерлер және осыған ұқсас сипаттамалары бар басқа да механикалық көлік құралдары теңестіріледі»;

46) тармақша алып тасталсын;

47) тармақшадағы «тізіліміне енгізілген» деген сөздер «қызметіне арналған рұқсат алынған» деген сөздермен ауыстырылсын;

53-1) тармақшадағы «электр қозғалтқышы бар электр самокаттар мен мопедтерді» деген сөздер «электр самокаттар мен электр қозғалтқышы бар велосипедтерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады»;

3) 11-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

4) 29-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы «жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың» деген сөздер «уәкілетті органның және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 36-баптың 2-тармағындағы «жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі» деген сөздер алып тасталсын;

6) 39-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

7) 54-бапта:

3-тармақтың 5-1) тармақшасы «мотоциклді» деген сөзден кейін «немесе мопедті» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

16) тармақша «жылдамдықтан асыруға» деген сөздер «жылдамдықтан асыруға тыйым салынады» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Көлік құралының ең жоғары жүру жылдамдығынан асыру көлік құралының орташа жүру жылдамдығын автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен тіркеп-белгілеу немесе есептеу арқылы айқыдалады»;

17) тармақшадағы «басқа көлік құралдарына» деген сөздер «жол жүрісіне басқа да қатысушыларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 18-1), 18-2) және 18-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«18-1) мотоциклді немесе мопедті ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай басқаруға;

18-2) мотоциклді немесе мопедті бір дөңгелегімен жүргізіп басқаруға, сол сияқты осы көлік құралын басқаруға арналған орыннан тыс орналасуға;

18-3) мотоциклдермен немесе мопедтермен, сондай-ақ арнаулы бейімдемелерде габаритінен ұзындығы немесе ені елу сантиметрден артық шығып тұратын жүкті немесе басқаруға кедергі келтіретін жүкті тасымалдауға»;

21) тармақшада:

он бірінші абзацтағы «балалар және спорт алаңдарында тоқтауға» деген сөздер «балалар немесе спорт алаңында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

«велосипед жолында және (немесе) велосипед жүретін жолақта тоқтауға»;

35) тармақша алтыншы абзацындағы «тіркемемен сүйретуге» деген сөздер «тіркемемен» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«мопедпен пайдалануға арналған тіркемені сүйретуден басқа, мопедтерді, сондай-ақ мопедтермен сүйретуге»;

36) тармақшада:

төртінші абзац «мотоциклдің» деген сөзден кейін «немесе мопедтің» деген сөздермен толықтырылсын; бесінші абзацтағы «санынан артық тасымалдауға» деген сөздер «санынан артық» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«он алты жасқа толмағандарды мотоциклдің немесе мопедтің артық орындығында тасымалдауға»;

37) тармақшаның екінші абзацы алып тасталсын;

8) 55-бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасы «мотоциклмен» деген сөзден кейін «немесе мопедпен» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ 3) тармақшасындағы «басын шығаруға тыйым салынады» деген сөздер «басын шығаруға» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) мотоцикл немесе мопед жүріп келе жатқан кезде аяқ тіреуіштерге немесе орындықта тұруға тыйым салынады»;

9) 57-бапта:

тақырыптағы және бүкіл мәтін бойынша «Мопед, электр самокат» деген сөздер «Электр самокат» деген

сөздермен ауыстырылып, «және мопедтермен», «мопедпен және», «мопедтерді», «мопедтермен» деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ алып тасталсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Тротуармен және (немесе) жаяу жүргіншілер жолымен қозғалтқышы бар велосипедтермен жүруге тыйым салынады.

Велосипед жүргізушілерге жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен бір қатарда не жол жиегімен, жолдың жүру бөлігімен түймеленген шлемдерсіз жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады»;

10) 64-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы «ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден асатын» деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ «мотороллерлер» деген сөзден кейін «мопедтер» деген сөзбен толықтырылсын;

11) 71-1-баптың 8) тармақшасындағы «жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі» деген сөздер «уәкілетті орган және» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 72-баптың 1-тармағы 11) тармақшасының екінші бөлігіндегі «жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі» деген сөздер алып тасталсын;

13) 73-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) «А1» кіші санаты – ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден асатын, іштен жану қозғалтқышының жұмыс көлемі бір жүз жиырма бес текше сантиметрден аспайтын және ең жоғары қуаты он бір киловаттан аспайтын мотоциклдер, трициклдер, квадроциклдер, сондай-ақ мопедтер»;

8-тармақтағы «В1 кіші санатындағы (мотоциклеттік орындығы немесе мотоциклеттік типтегі рулі бар көлік құралдарынан басқа)» деген сөздер «А1» және «В1» кіші санаттарындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 74-бапта:

1-тармақ «адамдарға» деген сөзден кейін «көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарында» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының алтыншы бөлігінде немесе 613-бабының тоғызшы бөлігінде көзделген тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар жеті жыл бойы көлік құралдарын басқару құқығын алуға емтихандар тапсыруға жіберілмейді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының жетінші бөлігінде немесе 613-бабының оныншы бөлігінде көзделген тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар сегіз жыл бойы көлік құралдарын басқару құқығын алуға емтихандар тапсыруға жіберілмейді.

Емтихандар тапсыруға осы шектеу әкімшілік жауаптылыққа соңғы тартылған кезден бастап есептеледі»;

15) 77-баптың 6-тармағының бірінші бөлігі «маршруттар бойынша ғана» деген сөздерден кейін «және білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шеберінің қатысуымен» деген сөздермен толықтырылсын;

16) 88-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізіген» деген сөздер «Техникалық

қарап-тексеру операторларының қызметіне арналған рұқсаты бар» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«89-бап. Техникалық қарап-тексеру операторлары қызметінің рұқсат беру тәртібі

1. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган 1-тармақтың және хабарлама туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес техникалық қарап-тексеру операторларының қызметіне рұқсаттар береді.

2. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган рұқсат беру талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін, екінші санаттағы рұқсатты алу үшін өтініш нысандарын, екінші санаттағы рұқсат нысандарын, рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларын және техникалық қарап-тексеру операторларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы нормативтік құқықтық актіні әзірлейді, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі және бекітеді.

3. Техникалық қарап-тексеру операторлары көлік құралдарын міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін:

1) дара кәсіпкер үшін – дара кәсіпкер ретінде немесе заңды тұлға үшін – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуге;

2) осы баптың 2-тармағына сәйкес көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган бекіткен рұқсат беру талаптарына сай келуге тиіс.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектісі, оның ішінде заңды тұлғаның қурылтайшылары (акцияларының бақылау пакеті бар акционерлері) және (немесе) дара кәсіпкерлер техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне арналған рұқсаттан айырылған кезден бастап келесі үш жыл ішінде техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне арналған жаңа рұқсат алуға өтініш беруге, сондай-ақ басқа заңды тұлғаны – техникалық қарап-тексеру операторын құруға не оған қатысуға құқылы емес.

3. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-қосымша мынадай мазмұндағы 84-2-жолмен толықтырылсын:

«			
84-2.	Техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне арналған рұқсат беру	Техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне арналған рұқсат	Иеліктен шығарылмайтын; мерзімсіз рұқсат

2) 3-қосымшаның 47-тармағы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы, 2-тармағының 1) тармақшасының үшінші, тоғызшы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтарын, 3) тармақшасын, 7) тармақшасының екінші, жетінші, сегізінші, тоғызшы, оныншы, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызшы, жиырмашы және жиырма бірінші абзацтарын, 8), 9), 10), 13), 16) және 17) тармақшаларын, 3-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті  
К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 3 қазан  
№ 130-VIII ҚРЗ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 &lt;

бірінші абзацтағы «жеке тұлғалар» деген сөздер «жеке және заңды тұлғалар» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «жүрісінің жылдамдығы мен бағытын» деген сөздер «жүру жылдамдығы мен бағытын, салмақтық және (немесе) габариттік параметрлерін, осы тік жүктемелерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 571-бапта:

алтыншы бөліктің бірінші абзацындағы «арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын» деген сөздер «автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің бірінші абзацындағы «арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын» деген сөздер «автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 592-бапта:

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Көлік құралының белгіленген жүру жылдамдығын сағатына қырықтан алпыс километрге дейінгі шамаға арттыру –»;

мынадай мазмұндағы 3-1 және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«3-1. Көлік құралының белгіленген жүру жылдамдығын сағатына алпыс және одан көп километрден астам шамаға арттыру –

қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

«5. Осы баптың 3-1-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

4) 602-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ескерту жасауға алып келеді.»;

5) 615-баптың ескертпесіндегі «мопедтерді» деген сөз алып тасталсын;

6) 616-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтың 2), 3), 4), 5), 6) және

11) тармақшалары алып тасталсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «операторларының тізіліміне алынған кейін отырып» деген сөздер «операторының қызметіне арналған рұқсаттан айыра отырып» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «операторларының тізіліміне енгізілген» деген сөздер «операторының қызметіне арналған рұқсатты алынған» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «операторларының тізіліміне алып тастай отырып» деген сөздер «операторының қызметіне арналған рұқсаттан айыра отырып» деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне арналған рұқсаттан айыра отырып, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

7) 620-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«620-бап. Жол жүрісіне қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзу

1. Кодекстің осы тарауында санамаланбаған, жол жүрісі қағидаларының талаптарын, көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді бұзу –

ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпе. Хаттама жасау кезінде жол жүрісі қағидаларының нақ қандай нормасы бұзылғандығы көрсетіледі.»;

8) 630-бап мынадай мазмұндағы 1-1 және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген,

әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

«3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

9) 631-бап мынадай мазмұндағы 1-1 және үшінші бөліктермен толықтырылсын: